

Кең байтақ жерімізді мекен еткен түрлі ұлт өкілдерінің өзара татулығы мен бірлігі баршамыз үшін зор мақтаныш екені сөзсіз. Ал ұлтаралық қарым-қатынасты нығайтып, ынтымағымызды дәріптеуді барша қазақстан-дықтардың ортақ мақсат-міндеті деп білуіміз керек.



Қазақ жеріндегі өзбек халқы

- Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында 2010 жылдың есебімен алғанда 425110 өзбек тұрады. Басқа этнос өкілдерімен салыстырғанда Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша өзбектер екінші орында тұр.
- Халықтың тілі мен мәдениетінің дамуына үлес қосып келе жатқан жазушылар мен ақындардың үлкен бір шоғыры бар. Эрназар Розметов, Бахадир Сабитов, Хаваздат Кочкаров, Закиржан Моминжанов, Абдрурахим Пратов, Ибрахим Хухкиев, Икрам Хашимжанов, Мұраджан Абубакиров сияқты қаламгерлер Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшелері болғанды-ғын ардақ тұтады. Қаламымен ел арасын бөлшектеу үшін емес, іргесін бүтіндеуге, достықтың берік болуына қызмет етіп келе жатқан шығармашылық иелері Өзбекстан Жазушылар және Журналистер одағымен тығыз-қарым қатынас жасап, ондағы ақын-жазушылардың Қазақстанда кездесулер ұйымдастыруына ұйытқы болып келеді.

Өзбек халқының тіл мейрамы

- “Өзбек халқының салт-дәстүрлері, тілінің күні” мейрамы Сайрам ауданында аталып өткенде Өзбекстаннан “Нуронийлар Жамгармайс” республикалық қорының төрағасы Нумон Касимов бастаған ақындары мен жазушылар, Ташкент облысының спорт және мәдениет басқармасының бастығы Махмуджан Абдуназаров сияқты қадірлі қонақтар арнайы келді.



Қазақ жеріндегі ұйғыр халқы

- Ұйғырлар - тарихы бай ежелгі этностардың бірі. Ерте кездерден Шығыс Түркістан жерін (қазіргі Қытай халық республикасының Синьцзян - Ұйғыр автономиялық ауданы) мекендейді. Көне замандарда бұл жерден Аспанастан Батыспен, Орта Азиямен, Үндімен және Иранмен жалғастырған Ұлы Жібек жолы керуені өткен. Ұйғырлардың негізгі бөлігі - 12 миллион адам тарихи отаны Шығыс Түркістанда тұрады. Ұйғыр тілі түркі тілдерінің ішінде қарлық тобына жатады. Алматы облысын 148 мыңнан астам ұйғыр мекендейді. Ұйғырлар ХІХ ғасырдың аяғында қазіргі Алматы облысы төңірегіне қоныс аударып бастады. Қазіргі уақытта қазақстандық ұйғырлардың негізгі бөлігі Алматы облысының аумағында тұрады. Олар негізінен дәстүрлі суармалы жерлерді өңдеу кәсібімен, егін шаруашылығымен қатар мал шаруашылығымен де айналысады. Қазақстан ұйғырлардың екінші отанына айналғалы да ғасырдан астам уақыт өтті. Олар жергілікті халықпен тығыз араласып, ағайын-туыстық қарым-қатынаста өмір сүруде. Тәуелсіз Қазақстанның барлық ұлыстары сияқты, олардың да өзіндік ерекшеліктерін, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін сақтауына зор мүмкіндіктер жасалып отыр. Металлдарды көркемдеп өңдеу: ұсталық кәсіп, ыдыс-аяқ, зергерлік бұйымдар жасау ұйғырлардың ежелден дамыған қолданбалы өнерінің түрлеріне жатады. Ұйғыр әдебиетінің ертеректегі шығармалары ретінде «Хустанифт», «Алтунг яругті» атауға болады. Жиырмамыншы ғасырдағы ұйғыр әдебиетінде Х. Закирий, А. Қожамбердиев, А. Мухаммади, Н. Семьятов, Ү. Мухаммади, Н. Исраилов, И. Сатаров, К. Хасанов, Ж. Босақов, Х. Абдуллин, И. Бахтия, Х. Исқандаров, Х. Хамраев, З.Сәмәди сияқты ақын-жазушылар өз қолтаңбаларын қалдырды.



Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінің филология факультеті жанынан ұйғыр бөлімінің ашылуы жоғары білім алуда үлкен маңызға ие болды. Ал 1949 жылы ҚазССР Ғылым Академиясының жанынан ұйғыр-дұнған мәдениетінің секторы құрылған болатын. Сол кезден бастап Қазақстанда ұйғыртану дами бастады. Біраздан кейін сектор ұйғыртану бөлімі болып қайта құрылып, 1986 жылы ұйғыртану институты ашылды. «Мектеп» баспасы ұйғыр тілінде оқулықтар шығарады.

Ұйғыр мәдениетінде музыка мен би аса үлкен орын алады, оны танып-білу қызығушылық тудыратыны анық. Музыкалық өнері ғасырлар бойы қалыптасқан. Оның куәсі ретінде «12 мақамды» алуға болады. Қазіргі уақытта халықтық өнердің үздік туындысы - «12 мақамның» жекелеген бөлімдерін орындау кең таралған. Әндер мен мақамдар халық аспаптарының сүйемелденуімен орындалады. Кезінде Қазақстан үкіметінің бастамасымен ұйғыр кәсіби театры құрылды, кәсіби сазгерлер, дирижерлер, музыканттарды жетілдіруге, көркемөнерпаздардың музыкалық-бишілер ұжымдарын ұйымдастыруға барынша жағдай жасалды.

Ұйғырлардың дәстүрлі тағамдары әр түрлілігімен ерекшеленеді және ас талғампаздарын таңдандыра алады. Салқын тағамдарының өзі әртүрлі көкөністерден жасалған салқын тағамдар және қуырылған көкөністер мен қайнатылған көкөністерден жасалған салқын тағамдар болып екі түрге бөлінеді. Салқын тағамдардың ішінен ерешеленетіні гүл тавақ – гүлді табақ, әртүрлі көкөністерден, еттер мен дәмдеуіштерден араластырылып жасалған тағам.



Ұйғыр халқының ұлттық мәдениеті



Қарақалпақтар

- Қарақалпақтар – туыстығы жағынан қазақтарға ең жақын халықтардың бірі. Тілі мен салт-дәстүрі, діні мен дүниетанымы, Жиен жыраудан (XVIII ғасыр) бастау алатын ауыз әдебиеті мен ондағы кейіпкерлерге дейін қазақтардікімен бірдей немесе өте ұқсас келеді.

Белгілі қоғам қайраткері, ақын Кәкімбек Салықов «Қарақалпақтар – қа рапайым, қанағатшыл, төзімді халық. Кеңпейілді, дарқан, дәл менің қазағым секілді» деп жазады.

XVI-XVIII ғасырларға дейін қарақалпақтарды жеке ұлт ретінде көрсеткен бірде-бір жазба дерек кездеспейді. Есесіне, батыс, орыс немесе араб тарихшыларының жазбаларында олардың қазақ халқының құрамындағы белді бір тайпа екендігі айтылған.

1924 жылы Қазақстанның құрамында Қарақалпақ автономиялы облысы құрылып, 1932 жылы оған автономиялы Республика мәртебесі беріледі. Алайда 1936 жылы Қарақалпақ автономиясы Өзбекстан Республикасының құрамына өтіп кеткен!





Татар халқының мәдениеті

- Қазақ даласында татарлар өзінің тағдырын қазақтың мәдениетімен, тұрмысымен және шаруашылығымен өзара тығыз байланыстырды. Қазақстандағы татар медресе ұстаздары оқу – ағарту жұмыстарына көп үлес қосты. Мысалы, Қарқаралыдағы Ш. Кафафутдин 80-ге тарта поэтикалық шығармаларды татар және қазақ тілдерінде жазды.
Татар мен Татар – Башқұр орталығының Алматыда «Фикер» ақпараттық бюллетені ұйымдастырылып, шығарылады. Онда танымал қазақстандықтармен – татар, башқұр халықтарының өкілдері туралы материалдар, мәдени орталық жұмыстары жарияланып тұрды. Тарихи отанынан алыс тұратын оқырмандарға қажетті әдебиеттер шығарылды. Соңғы жылдары «Татар тарихы», «Татар халқының дәстүрлі мәдениеті», «Башқұрт халқының тарихы мен мәдениеті очерктері» сияқты кітаптар шығарылды.
Татарлар мен башқұрлардың ең жақсы көретін мейрамы – көктемгі егіс жұмыстарынан кейін, маусымның алғашқы жартысында пішен шабуға дейін өтетін сабантой болып табылады. Мерекеде ұлттық ойындардың бір қатары – куряш бәйге, би ойындары. Ол уақытта дәмді тағамдар – чак – чак, кабартма, түрлі пирогтар, дәрә көжесі дайындалады. Сабантойда әрқашанда көп әндер айтылып, билер биленеді. Ептілік пен шапшаңдықты қажет ететін эзіл өлеңдер сайысы өтеді.



Татар халқының мерекелері

- Татар мәдениетінің күндері, ұлттық мейрам «Сабантой», «Наурыз», «Нардуған», «Құрбан – айты» сияқты мерекелер дәстүрлі мерекелерге арналды. «Туған тел» облыстық татар мәдени орталығы ұйымдастырған Алматы облыстық Қазақстан халқының Ассамблеясы хатшылығының белсенді қатысуымен Үтенай кентінде табиғаттың оянуы мен жаңаруына арналған «Сабантой – 2006» мейрамы өтті. Мейрамға әр түрлі жастағы адамдар қатыстырылды. Қайың мен қайың қабығынан жасалған әдемі декоративті – қолданбалы өнер туындылары көрсетілді. Қонақтар сәнді ұлттық киімдерді тамашалап, дәмді татар тағамдарынан ауыз тиіп, «Туған тел» халық ансамблінің әртістері ұйымдастырған билер мен концерттік бағдарламаны тамашалады. Ансамбль жергілікті тұрғындар арасында кең танымал. Қатысушылары - әр түрлі жаста. «Туған тел» бағдарламасына кішкентайлардың балет спектаклі, “Әпипә” татар балалар биі, ересек әртістер орындайтын «Қыздар» лирикалық биі кіреді.





Павлодар татар-башқұрт қоғамдық-мәдени орталығы

- Статистикалық мәліметтер бөйынша бүгінгі күні облыста 17 мыңға жуық татар және 1700 башқұрт тұрып жатыр.
- 1988 жылды татар және башқұрт ұлттық мәдениетінің жылы деп санауға болады, себебі осы жылы Павлодар қаласында алғаш татар мәдениетінің күндері аталып өтті.
- Сол күндері қаланың белсенді азаматтарының ұсынысымен татар ұлтының ежелгі мейрамы «Сабантуй» ұйымдастырылды. «Сабантуй» мейрамымен бірге «Чишмя» («Родник») ансамблі дүниеге келді, көп жылдан бері оның көркемдік жетекшісі Гуляра Шамильевна Чистякова болып келеді.
- 1990 жылғы 3 қарашада татар-башқұрт қоғамдық-мәдени орталық (ТБҚМО) құру жайында құрылтайшы конференциясы өтті, осы күн орталықтың туған күні деп саналады. Конференцияда орталықтың басқармасы сайланып, ақсақалдар кеңесі тағайындалды.



- Он жыл өмір сүріп келе жатқан, татар интеллигенциясын біріктіретін әдеби-музыкалы "Соембике" клубы ұжымда үлкен сұранысқа ие.
- Аймағымыздың дамуына татар және башқұрт халықтарының еңбектері көп сіңді.

